Бұл бөлім жеке жарақаттан немесе меншіктің зақымдалуынан қорғауға көмектесетін қауіпсіздік туралы нұсқауларды қамтиды. Бұл нұсқауларды орындамау бүкіл кепілдікті жояды.

### **Қауіпсіздік техникасының жалпы ережелері**

- Бұл жабдықты 8 жастан жоғары балалар және дене, сезу немесе ақыл-ай мүмкіндіктері нашар адамдар жабдықты қауіпсіз пайдалану туралы бақылау немесе нұсқау берілсе және байланысты қауіптерді түсінсе пайдалана алады. Балалар жабдықпен ойнамауы керек. Тазалауды және техникалық қызмет көрсетуді балалар бақылаусыз орындамауы керек.
- Бұл құрылғыны физикалық, сезу және ойлау қабілеттері шектеулі (балаларды қоса), не болмаса тәжірибесі не білімі жоқ адамдар

қадағалаумен және құрылғыны пайдалануға байланысты нұсқауларды бермейінше қолданбауы тиіс.

Қадағалаудағы балалар құрылғымен ойнамауы керек.

- Егер әлдекім өнімді пайдаланса немесе біреуден сатып алса, пайдаланушы нұсқаулығы, өнім жапсырмалары және басқа тиісті құжаттамалар мен бөлшектер онымен бірге берілуі тиіс.
- Орнату және жөндеу жұмыстарын Уәкілетті қызмет көрсету орталығының мамандары ғана орындауы қажет. Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес. Орнату алыднда нұсқауларды мұқият оқып шығыңыз.
- Құрылғы бүлінген болса және көзге көрінетін ақаулықтар болса, құрылғыны іске қоспаңыз.

- Әр пайдаланудан кейін өнімнің функция тұлғаштарының өшірілуін бақылаңыз.

### **Электр қауіпсіздігі**

- Егер өнімде ақаулық бар болса, рұқсат етілген сервис агенті жөндегенше оны пайдаланбау керек. Электр тогы соғуының қаупі бар!
- Өнімді тек «Техникалық сипаттамалар» бөлімінде көрсетілгендей кернеуі мен қорғанысы бар жерге қосылған розеткаға/желіге қосыңыз. Құрылғыны трансформатормен немесе трансформаторсыз пайдаланып жатқан кезде, жерге қосу орнатылымын білікті электр маманы орындауы қажет. Жергілікті ережелерге сәйкес құрылғыны жерге тұйықтаусыз пайдалану нәтижесінде орын алған кез келген ақаулықтар үшін біздің компания жауапты емес.
- Ешқашан өнімді үстіне су себу немесе құю арқылы жумаңыз! Электр тогы соғуының қаупі бар!
- Орнату, тазалау және жөндеу процедуралары кезінде өнімді желіден ажырату керек.
- Егер өнімнің қуат қосылымы кабелі зақымдалса, қауіпті болдырмау үшін оны өндіруші, оның сервис агенті немесе сол сияқты білікті адамдар ауыстыруы керек.
- Жабдықты желіден толығымен ажыратуға болатындай орнату керек. Бөлуді құрылыс ережелері сәйкес желілік розетка немесе бекітілген электр қондырғысына бекітілген қосқыш қамтамасыз етуі керек.
- Электр құралдарымен және жүйелерімен орындалатын кез-келген жұмыстарды уәкілетті және білікті кісілер ғана орындауы қажет.
- Ақаулық болған жағдайда құрылғыны өшіріп, оны электр жүйесінен ажыратыңыз. Бұл үшін уйдегі сақтандырғышты өшіріңіз.
- Сақтандырғыш көрсеткіші өніммен үйлесімді екенін тексеріңіз.

## **Өнім қауіпсіздігі**

- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Пайдалану кезінде жабдық пен қолмен жетуге болатын бөліктері қызады. Қыздыру элементтеріне тимеуді қадағалау керек. 8 жастан төмен балаларды қадағалау болмаса, ары ұстау керек.
- Серпіліс пен қимыл жылдамдығына әсер ететін ішімдік пен дәрі-дәрмектің әсерінде болғанда құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Тағамдарды дайындауда алкогольді ішімдіктерді қосқанда абай болыңыз. Жоғары температурада алкоголь буланып, ыстық беттерге тигенде жануы және өртке алып келуі мүмкін.
- Құрылғы жанына жанғыш заттарды қоймаңыз, себебі, қосулы кезінде бүйірлік беттері қатты қызады.
- Барлық желдеткіш тесіктерінің ашық болғанын қадағалаңыз.
- Жабдықты тазалау үшін бу тазалағыштарын пайдаланбаңыз, өйткені ток соғуы мүмкін.
- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Май бар кемпірікте қадағалаусыз пісіру қауіпті болуы мүмкін және өртке әкелуі мүмкін. ЕШҚАШАН отты сумен өшіруге тырыспаңыз, құрылғыны өшіріңіз, содан кейін жалынды қақпақ немесе өртке төзімді жапқыш сияқты бірдеңемен жабыңыз.
- **ЕСКЕРТУ:** Әзірлеу процесі қадағалануы керек. Қысқа мерзімді әзірлеу процесі үздіксіз қадағалануы керек.
- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Өрт қаупі бар: пісіру беттерінде заттарды сақтамаңыз.
- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Егер бұт сынған болса, ток соқпауы үшін құрылғыны өшіріңіз.
- Пеш әйнегі сынған жағдайда: Барлық конфоркаларды және электр қыздырғыш элементтерді дереу өшіріп, құрылғыны қуат көзінен ажыратыңыз. Құрылғының бетіне қол тигізбеңіз. Жабдықты пайдаланбаңыз.
- Құрылғы сыртқы таймер немесе қашықтықтан басқару жүйесімен басқаруға арналмаған.



- Пісіру бетіндегі немесе кәстрөл түбіндегі ылғалдылық себебінен жиналған бу қысымы кәстрөлді жылжытуы мүмкін. Сондықтан, плитаның беті мен кәстрөлдердің түбінің үнемі құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Тек әзірлеу жабдығының өндірушісі жасаған немесе жабдықтың өндірушісі пайдалану нұсқаулығында жарамда деп көрсеткен пісіру тақтасының қорғағыштарын немесе жабдықта кірістірілген пісіру тақтасының қорғағыштарын пайдаланыңыз. Жарамсыз қорғағыштарды пайдалану сәтсіз жағдайларға әкелуі мүмкін.

Өнімде өрт болмауы үшін:

- Ашаның розеткаға ұшқын тумайтындай қосылғанын тексеріңіз.
- Зақымдалған немесе кесілген кабельді, түпнұсқа кабельден басқа ұзартқыш кабельді пайдаланбаңыз.
- Розеткадағы сұйықтық немесе ылғал өнімге тимеуін тексеріңіз.

## **Дұрыс пайдалану**

- Бұл құрылғы тек тұрмыстық қажеттілік үшін өндірілген. Сауда мақсатында қолданылса, кепілдігі жойылады.
- **ЕСКЕРТУ:** Бұл құрылғы тек тағамды пісіруге ғана арналған. Оны басқа мақсаттарда, мысалы бөлмені жылыту үшін пайдалануға болмайды.
- Құрылғыны дұрыс пайданланбау себебінен туындаған ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

## **Балар қауіпсіздігі**

- **АБАЙЛАҢЫЗ:** Пайдалану кезінде жетуге болатын бөліктер ыстық болуы мүмкін. Кішкентай балдар алшақ жерде болуы керек.
- Орама материалдары балаларға зиянды болады. Балаларды орама материалдарынан алшақ ұстаңыз. Орама материалдардың барлық бөліктерін қоршаған орта стандарттарына сай тастаңыз.
- Электр жабдықтары балалар үшін қауіпті болып табылады. Іске қосулы болғанда балардың осы

өнімнен алшақ болуы қадағалап, олардың өніммен ойнауын болдырмаңыз.

- Жабдықтың үстіне балалардың қол жететін ешқандай зат қоймаңыз.

### **Ескі өнімді тастау**

#### **Қоқыс өнімдерді лақтыру туралы**

#### **WEEE директивасының талаптарына сәйкестік:**



Бұл өнім EО WEEE директивасының (2012/19/EU) талаптарына сәйкес келеді.

Бұл өнімде қоқыс электр және электрондық жабдық (WEEE) жіктеу таңбасы бар.

Бұл өнім қайта пайдалануға болатын және қайта өңдеу үшін жарамды жоғары сапалы бөлшектермен және материалдармен жасалған. Қызмет көрсету мерзімі біткенде қоқыс өнімді

әдеттегі тұрмыстық және басқа қоқыстармен бірге лақтырмаңыз. Оны электр және электрондық жабдықтарды қайта өңдеу үшін жинау орталығына апарыңыз. Бұл жинау орталықтары туралы білу үшін жергілікті билік органдарына хабарласыңыз.

#### **RoHS директивасының талаптарына сәйкестік:**


Сіз сатып алған өнім EО RoHS директивасының (2011/65/EU) талаптарына сәйкес келеді. Оның құрамында директивада көрсетілген зиянды және тыйым салынған материалдар жоқ.

#### **Орама материалдарын тастау**

- Орама материалдары балалар үшін қауіпті. Орама материалдарын балалардың қолы жетпейтін қауіпсіз жерге қойыңыз. Өнімнің орама материалдары қайта өңделетін материалдардан жасалған. Қайта өңделетін қалдық нұсқауларына сәйкес сұрыптаңыз және оларды дұрыс тастаңыз. Оларды қалыпты үй қалдықтарымен бірге тастамаңыз.

## 2 Құрылғыңыз

### Жалпы шолу



- |                              |                                     |
|------------------------------|-------------------------------------|
| 1 Бір контурлы пісіру табасы | 4 Әйнекті керамикадан жасалған беті |
| 2 Кеңейтілген пісіру табасы  | 5 Негізгі жабыны                    |
| 3 Біріктіру қысқышы          | 6 Екі контурлы пісіру табасы        |

### Техникалық сипаттамалары

Кернеу / жиілік	220-240 В ~ 50 Гц
Жалпы тұтынылатын қуат	6900 Вт
Сым түрі / қимасы	мин. H05V2V2-F 5 x 1,5 мм <sup>2</sup>
Сыртқы көлемдері (биіктігі / ені / тереңдігі)	55 мм/580 мм/510 мм (Өнімге бекітілген серіппелер мен тығыздағыш тығыздағышпен бірге келетін модельдер үшін ені мен тереңдігін өлшеуді осы өлшемдерге қарағанда 10 мм артық деп санаңыз.)
Орнату өлшемдері (ені / тереңдігі)	560 мм/490 мм
<b>Жанарғылары</b>	
Артқы сол жақ	<b>Бір контурлы пісіру табасы</b>
Өлшемі	140 мм
Қуаты	1200 Вт
Алдыңғы сол жақ	<b>Екі контурлы пісіру табасы</b>
Өлшемі	120/210 мм
Қуаты	750/2200 Вт
Алдыңғы оң жақ	<b>Бір контурлы пісіру табасы</b>
Өлшемі	160 мм
Қуаты	1500 Вт
Артқы оң жақ	<b>Кеңейтілген пісіру табасы</b>
Өлшемі	140/250 мм
Қуаты	1100/2000 Вт

**i** Құрылғының сапасын жақсарту кезінде техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгеруі мүмкін.

**i** Бұл нұсқаулықтағы суреттер үлгі ретінде берілген және құрылғының өзінен шамалы өзгешіліктері бар болуы мүмкін.

**i** Құрылғының зат таңбасындағы немесе ілеспе құжаттағы мәндер тиісті стандарттаға сәйкес зертханалық жағдайларда алынған. Бұл мәндер құрылғыны қолдану жағдайларына байланысты өзгеру мүмкін.

### 3 Орнату

Құрылғыны күші бар қағидаларға сәйкес білікті маман орнатуы қажет. Әйтпесе, кепілдігі жойылады. Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.

**i** Орынды және электр қондырғыларын дайындау тұтынушы жауапкершілігінде.

**!** Өнім жергілікті газ және электр нормативтеріне сәйкес орнатылуы тиіс.


**!** Орнатпас бұрын, өнімде кемшіліктер жоғына көз жеткізіңіз. Егер болса, оны орнатпаңыз.  
Зақымданған өнімдер басыңызға қауіп-қатер төндіруі мүмкін.

#### Орнатудан бұрын

Пісіру тақтасы саудадағы жұмыс үстелі үшін жасалған. Ас бөлме қабырғалары мен жиһазы және құрылғы араларында

қауіпсіздік аралық қалуы қажет. Суретті қараңыз (өлшемдер мм-де)

- Кемпірек беті үстінен ең аз дегенде 750 мм бос кеңістік қалдырыңыз.
- (\*) Сорып алу құралы ас бөлме плитасының үстінде орнатылуы қажет болса, орнату биіктігіне қатысты ас бөлме сорып алу құралы өндірушісінің нұсқауларына қараңыз. Егер сорғыштың нұсқаулығында қандай-да бір өлшем анықталмаса, онда бұл биіктік кем дегенде 650 мм болуы керек.
- Орама материалдары мен тасымалдау кілттерін шығарып алыңыз.
- Пайдаланылатын беттер, синтетикалық қабатты материалдар және клейлер ыстыққа төзімді (кем дегенде 100 °C) болуы қажет.
- Жұмыс үстелі көлдеңінен тегістеліп, бекітілуі қажет.
- Орнату өлшемдеріне байланысты жұмыс үстелінде кемпірек үшін ойық кесіңіз.
- Бұл өнім EN 30-1-1 стандартына сәйкес 3-сыныптағы құрылғы.



- \* Сорып алу құралының пайдаланушы нұсқаулығында ұсынылғандай сору құралының ең аз биіктігі. Егер сорғышты пайдалану жөніндегі нұсқаулықта ұсынылмаған болса, онда оның биіктігі кемінде мин.650 мм болуы керек.
- \*\* Жиһаз арасындағы ең аз қашықтық пісіру тақтасының еніне тең болуы керек

## Орнату және қосу

- Құрылғыны күші бар нормалар мен ережелерге сәйкес орнату және қосу қажет.



Кемпіректі шеттері немесе бұрыштары өткір жерлерге орнатпаңыз. Шыны керамикалы бетті сындырып алу қаупі бар!

## Электрикалық жалғау

Өнімді «Техникалық сипаттамалары» кестесінде көрсетілгендей қуаты жарамды шағын тізбек үзгішпен қорғалған жерге қосылған розеткаға/желіге қосыңыз. Өнімді трансформатормен бірге немесе онсыз пайдалану кезінде жерге қосу орнатымын білікті электрикке орындатқызыңыз. Біздің компания өнімді жергілікті ережелерге сай жерге қосу орнатымынсыз пайдалануға байланысты туындаған зақымдарға жауапты болмайды.



Құрылғыны қуат берілу жабдығына уәкілетті немесе білікті маман қосуы қажет. Құрылғының кепілдік уақыты дұрыс орнатудан соң ғана басталады. Уәкілеті жоқ кісілермен орындалған іс рәсімдер нәтижесінде орын алуы мүмкін ақаулықтар үшін өндіруші жауапты емес.



Қуат сымы қысылған, майысқан немесе бұралған болмауы және құрылғының ыстық беттеріне тиіп тұрмайтындай жерде орналасуы қажет.

Бүлінген қуат сымын білікті электр маманы ауыстыруы қажет. Әйтпесе, электр тоғының соғу, қысқа тұйықталу немесе өрт қаупі бар!

- Желіге жалғау ұлттық нормативтерге сәйкес жасалуы керек.
- Желіден қуаттану мәліметтері өнімнің түр белгісінде көрсетілген деректерге сәйкес болуы қажет. Түр белгісі құрылғының артқы жағында орналасқан.
- Құрылғының қуат беру сымы "Техникалық сипаттамалар" кесетіндегі мәндерге сәйкес келуі қажет.



Электрлі орнату жұмыстарын бастамас бұрын, құрылғыны қуат берілу жабдығынан ажыратыңыз. Электр тоғы соғуының қаупі бар!

## Қуат сымын қосу




Сым жүргізу барысында ұлттық/жергілікті электр нормативтерін қолданып, тиісті розетка шығысын/желісін және пеш тығынын пайдалану керексіз. Өнім қуатының шектері тығын мен розетка шығысы/желісі тасымалдай алатын токтан тыс болса, өнім бекітілген электр орнатуы арқылы тікелей тығынсыз және розетка шығысынсыз/желісінсіз қосылуы керек.

1. Тоқпен жабдықтау құралындағы барлық түйіспелерді ажырату мүмкін болмаса, ажыратқыш құрал ең аз дегенде 3мм түйіспелі саңылауымен (балқымалы сақтандырғыш, қорғаушы желілік ажыратқыштар, тұйықтаушылар) қосылып, осы ажыратқыш құралының барлық түйіспелері құрылғыға ЭИИ нұсқауларына сәйкес лайықталуы

қажет. Осы қағидаларды орындамау құрылғының жұмыс істеуі кезінде ақаулықтар тудырып, кепілдігін жойдыруы мүмкін.

Қосымша қауіпсіздік шарасы ретінде қорғаныстық ажырату құралын пайдалануға кеңес беріледі.

### Егер құрылғымен бірге сым жабдықталмаған болса:



### 2. Бір фазалық қосылым үшін сымдарды

төменде көрсетілгендей жалғаңыз:

- Қоңыр/Қара сым = L (Фаза)
- Көк/Сұр сым = N (Бейтараптық)
- Жасыл/сары сым = (E) (Жер)

» немесе

- Сұр/Қара сым = L (Фаза)
- Көк/Қоңыр сым = N (Бейтараптық)
- Жасыл/сары сым = (E) (Жер)

### 3. Екі фазалы қосылым үшін сымдарды

төменде көрсетілгендей жалғаңыз:

- Қоңыр сым = L1 немесе L2 (Фаза 1 немесе Фаза 2)
- Қара сым = L2 немесе L1 (Фаза 2 немесе Фаза 1)
- Көк/Сұр сым = N (Бейтараптық)
- Жасыл/сары сым = (E) (Жер)


» немесе

- Қара сым = L1 (Фаза 1)
- Сұр сым = L2 (Фаза 2)
- Көк/Қоңыр сым = N (Бейтараптық)
- Жасыл/сары сым = (E) (Жер)

### Өнімді орнату


1. Темірпеш қақпағын кері аударып тегіс бетке қойыңыз.
2. Пісіру панелін орнату кезінде қаптамада көзделген тығыздағыш төсемді келесі суретте көрсетілгендей, шынының сыртқы шетінен ішінде 1 -

ден 2 мм-ге дейін қалатынына кепілдік беріңіз.



3. Темірпеш қақпағын тұтқыштың үстіне орнатыңыз да, туралаңыз.


4. Орнату қысқыштарын пайдаланып темірпеш қақпағын астыңғы қаптамадағы тесіктер арқылы орнатып бекітіңіз.



- 1 Темірпеш қақпағы
- 2 Бұрама
- 3 Орнату қысқышы
- 4 Тұтқыш

**i** Темірпеш қақпағын шкафқа орнату кезінде, жоғарыдағы суретте көрсетілгендей шкафты темірпеш қақпағынан ажыратып тұратын тақтай қойылуы керек. Кірістірілген пештің үстіне орнату кезінде, бұл амалды жасаудың қажеті жоқ.


Мысалы, тартпаға орнатылғандықтан өнімнің астыңғы жағына қол жеткізу мүмкін болса, сол бөлімді ағаш тақтаймен жабу керек.



\* мин. 15 мм

## Артқы көрінісі (жалғау тесіктері)


**i** Төмендегі суретте көрсетілген байланыс саңылауларының орналасуы схемалық болып табылады, өнім үлгісіне байланысты түрленуі мүмкін. Оларды өніміңіздегі байланыс саңылауларына қарай бекітіңіз.



**!** Газ және электр жүйесін зақымдау қаупі бар болғандықтан, қауіпсіздік жағынан алғанда басқа тесіктерге жалғамаған жөн.

**!** Конфорка газ және электрмен жұмыс істейтін құрамдастардан тұрады. Сол себепті конфорка берілген бекіту элементтері мен бұрандалардың көмегімен және нұсқаулықта көрсетілгендей тек бекіту саңылаулары арқылы есептегішке бекітілуі тиіс. Әйтпесе, ол өмір және мүлік қауіпсіздігіне зақым келтіреді.

**Жеңіл орнату:** Кейбір модельдерде өнімге бекітілген серіппелер мен тығыздағыш тығыздағыш бар. Осы модельдер үшін нұсқаулықта сипатталған бекіту серіппелері мен кронштейнді орнату нұсқауларын ескермеңіз. Төмендегі суретте көрсетілгендей өнімді тікелей өнім орналастырылатын жерге қойыңыз. Осы модельдер үшін пайдаланушы нұсқаулығында жазылған ені мен тереңдігін 10 мм артық деп есептеңіз.



## Соңғы тексеру

1. Өнімді пайдаланыңыз.
2. Функцияларын тексеріңіз.

## Келешекте тасымалдау

- Өнімнің бастапқы қорабын сақтап, өнімді соның ішінде тасымалдаңыз. Қораптағы нұсқауларды орындаңыз. Бастапқы қорап болмаса, өнімді көпіршікті орамаға немесе қалың қорапқа салып, тығыздап ораңыз.

**i** Тасымалдау кезінде туындаған болуы мүмкін өнімнің жалпы көрінісінде ешбір зақымның болмауын тексеріңіз.



## 4 Дайындық

### Қуатты үнемдеу бойынша кеңестер

Келесі ақпарат осы құралды қоршаған ортаға зиянсыз жолмен пайдаланып, қуатты үнемдеуге көмектеседі:

- Пісірмей тұрып, мұздатылған тағамдарды ерітіп алыңыз.
- Пісіру үшін қақпағы бар қазандарды/табаларды пайдаланыңыз. Қақпағы жоқ ыдыста пісіру қуаттың тұтынылуын 4 есеге арттыруы мүмкін.
- Тағам әзірленетін қазанның астына сәйкес келетін жанарғыны пайдаланыңыз. Әрдайым тағамдарға сәйкес келетін ыдыс өлшемін қолданыңыз. Ыдыс тағамнан үлкен болса, оны пісіру үшін көбірек қуат кетеді.
- Электр жанарғылармен пісіру кезінде асты тегіс қазандарды пайдаланған жөн.  
Асты жұқа қазандар ыстықты жақсырақ өткізеді. Тұтынылатын қуаттың 1/3 бөлігін үнемдеуге болады.
- Ыдыстар мен қазандар пісіру аймақтарына сәйкес келуі керек. Ыдыстардың не қазандардың асты пісіру панелінен кіші болмауы тиіс.

- Пісіру аймақтары мен қазандардың астын таза ұстаңыз. Лас болған жағдайда ыстықтың өткізуі нашарлауы мүмкін.
- Ұзақ пісірілетін тағамдар үшін, пісіру аймағын пісіру аяқталар алдында 5 не 10 минут бұрын өшіріңіз. Панельде қалған қызуды пайдалану арқылы қуатты 20%-ға үнемдеуге болады.
- ЕО 66/2014 бойынша энергия тиімділігі туралы ақпаратты өніммен бірге берілген тауарлар кестесінен табуға болады.

### Алғашқы қолдану

#### Құрылғыны алғаш рет тазалау

**i** Бет кейбір жуғыш заттарды немесе тазалағыш заттарды пайдаланғанда бүлінуі мүмкін. Тазалау кезінде қатты жуғыш заттарын, тазалағыш ұнтақтарын/кремдерін немесе кез-келген өткір заттарды пайдаланбаңыз.

1. Барлық бума материалдарын алып тастаңыз.
2. Құрылғының бетін ылғал матамен немесе губкамен сүртіңіз және матамен құрғатыңыз.

## 5 Кемпіректі қолдану жолы

### Пісіру туралы жалпы мәліметтер




Табаға ешқашан үштен бірінен асырып май құймаңыз. Майды қыздыру кезінде кемпіректі қараусыз қалдырмаңыз. Қатты қызып кеткен май өрт қаупін тудырады. **Өрт болып қалған жағдайда, оны ешқашан сумен өшіруге тырыспаңыз!** Май отқа тиген жағдайда, оны өртке төзімді жапқышпен немесе ылғал матамен жабыңыз. Егер кемпіректі өшіру қауіпсіз болса, оны өшіріп, өрт сөндіру бөліміне хабарласыңыз.

- Тағамдарды қуырудан бұрын, оларды әрқашан жақсылап құрғатып, ыстық майға жайлап салыңыз. Қуырудан бұрын мұздатылған тағамдар толығымен ерітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Майды қыздыру кезінде, пайдаланып жатқан ыдысты жаппаңыз.
- Табалар мен кәстрөлдерді тұтқалары қызып кетпеуі үшін тұтқалары кемпірек үстінде тұрмайтындай етіп қойыңыз. Ыдыстарды кемпірек үстіне теңгерімсіз және оңай құлап кететіндей жағдайда қоймаңыз.
- Бос ыдыстарды және кәстрөлдерді пісіру аймағы үстіне қосуды кезінде қоймаңыз. Олар бүлінеді.
- Пісіру аймағын үстінде ыдыстарсыз және кәстрөлдерсіз іске қосу құрылғыны бүлдіреді. Пісіру аймақтарын тағамды пісіру толығымен аяқталған соң өшіріңіз.
- Құрылғының беті ыстық болуы мүмкіндігінен, пластика және алюминий ыдыстарды үстіне қоймаңыз. Бет үстінде кез-келген еріген заттарды дереу тазалаңыз. Мұндай ыдыстарды тағамдарды сақтау үшін де пайдалануға болмайды.
- Жайпақ түпті кәстрөлдер мен ыдыстарды ғана пайдаланыңыз.
- Кәстрөлдер мен табаларға тағамның тиісті мөлшерін салыңыз. Сондықтан,


ыдыстардың сыртынан ағып кетуін болдырмау арқылы қажетсіз тазалауды орындау қажет болмайды. Кәстрөлдер мен табалардың қақпақтарын пісіру аймағына қоймаңыз. Кәстрөлдерді пісіру аймағының ортасында тұратындай етіп қойыңыз. Кәстрөлді басқа пісіру аймағына жылжыту қажет болса, оны сырғытпай, көтеріп пісіру аймағына қойыңыз.

### Шыны керамикалы кемпіректер туралы кеңестер




- Шыны керамикалы беттер ыстыққа төзімді және жоғары температура өзгешіліктері әсер етпейді.
- Шыны керамикалы беттерді сақтау орны немесе бөлу тақтасы ретінде пайдаланбаңыз.
- Түптері механикалық өңделген кәстрөлдер мен табаларды ғана пайдаланыңыз. Өткір жүздер бетте сызаттар қалдырады.
- Алюминий ыдыстар мен табаларды пайдаланбаңыз. Алюминий шыны керамикалы бетті бүлдіреді.




Төгілген сұйықтық шыны керамикалы бетті бүлдіріп, өрт тудырады.



Ойыс немесе дөңгес түпті ыдыстарды пайдаланбаңыз. Жайпақ түпті кәстрөлдер мен табаларды ғана пайдаланыңыз. Ыстықты жақсырақ тартады. Кәстрөлдің диаметрі тым кішкентай болса, қуат босқа тұтынылады.



## Кемпіректерді қолдану



- 1 Бір контурлы пісіру табасы 14-16 см
- 2 Екі контурлы пісіру табасы 12-14/21-23 см
- 3 Бір контурлы пісіру табасы 16-18 см
- 4 Кеңейтілген пісіру табасы 14-16/25-27 см сәйкес жанарғыларда пайдаланылатын ыдыстардың ұсынылатын диаметрлерінің тізімі.




Кемпірек үстіне қандай-да бір заттың түсіп кетуіне жол бермеңіз. Тіпті тұз сауыты секілді кішкентай заттарда кемпіректі бүлдіруі мүмкін.

Шытынаған кемпіректерді пайдаланбаңыз. Су осы шытынаулар арасынан өтіп, қысқа тұйықталуды тудырады. Құрылғы беті бүлінген жағдайда (мыс, көрінетін шытынаулар), электр тоғының соғуын болдырмау үшін құрылғыны дереу өшіріңіз.



Жылдам қызатын шыны керамиканың кемпіректері қосылған кезде ашық жарық беріп тұрады. Ашық жарыққа тура қарамаңыз.


## Басқару тақтасы



### Сипаттамалар

Реттеу аймағы (температура деңгейіне арналған)

- Жарық қажетті түймешіктің жұмыс істеп тұрғанын көрсетеді
- Қосу/Өшіру түймешігі
- Түймешіктерді құлттау түймешігі
- Бірнеше бөліктерден тұратын Пісіру аймағын таңдау түймешігі
- Таймерді іске қосу / өшіру түймешігі
- Таймер деңгейін арттыру кілті
- Таймердің деңгейі төмендейтін кілт
- Жылдам қыздыру түймешігі / Көмекші түймешігі
- Жылы ұстау түймешігі




Тоқтату түймешігі  
Жады түймешігі  
Пісіру аймағын таңдау басқару құрылғылары



Суреттер тек ақпарат алу мақсатында жұмсалған. Сыртқы көріністер мен функциялар пісіру тақтасының үлгісіне байланысты әр түрлі болады.

## Пісіру аймағының бейнебеті



- 1 Температура көрсеткіші (температураның мәні 0 ... 19/ 0 ... 9. (Құрылғы үлгісіне байланысты өзгереді.))
  - 2 Пісіру аймағы шамы
  - 3 Пісіру аймағын таңдау түймешігі
  - 4 Жылы ұстау функциясының белгісі (\*)
  - 5 Таймер белгісі
  - 6 Бірнеше бөліктен тұратын пісіру аймағының белгісі (\*)
- \* Үлгіге байланысты әр түрлі болады.

**i** Құрылғы түртпелі басқару тақтасымен басқарылады. Түртпелі басқару тақтасында жасалған әрбір әрекет дыбыстық сигналмен расталады.

**i** Басқару тақтасын әрқашан таза және құрғақ ұстаңыз. беттегі ылғалдылық пен кір функцияларға әсер етуі мүмкін

## Пісіру тақтасын іске қосу

1. Басқару тақтасындағы "i" түймешігін түртіңіз.

"i" түймешігінің шамы іске қосылады.

Пісіру тақтасы қолданылуға дайын.

**i** 20 секунд ішінде әрекет жасалмаса, пісіру тақтасы автоматты түрде Күту режиміне қайта ауысады.

**i** Кезкелген (🔒 түймешігі) ұзақ басылғанда, өнім автоматты түрде қауіпсіздік мақсатында өшеді.

## Пісіру тақтасын өшіру

1. Басқару тақтасындағы "i" түймешігін түртіңіз.

Пісіру тақтасы өшіп, Күту режиміне оралады.

**i** Пісіру тақтасы өшкеннен кейін пісіру аймағы бейнебетінде пайда болатын "H" немесе "h" және "-" белгілері пісіру аймағының әлі ыстық екенін көрсетеді. Пісіру аймақтарын қолмен ұстамаңыз.

## Сақталған ыстық көрсеткіші

Пісіру аймағы бейнебетінде пайда

болатын "H" және "-" белгілері пісіру тақтасының әлі ыстық екенін көрсетеді және тағамды жылы ұстау үшін қолданылады. Бұл белгі кейін "h" және "-" белгілеріне ауысып, пісіру тақтасының шамалы ыстық екенін білдіреді.

**i** Қуат жоқ болғанда, сақталған ыстық көрсеткіш шамы іске қосылмайды және пайдаланушыға ыстық пісіру аймақтары жайлы ескертпейді. Жұмыс тоқтатылып, пісіру аймақтары суығанға дейін қуат салталған болса, "-" белгісі қажетті пісіру аймағы бейнебетінде пайда болады. Бұл белгі қажетті пісіру аймағы істеп тұрған жағдайда жоқ болады.

## Пісіру аймақтарын іске қосу



1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін, "i" түймешігін түртіңіз.

2. Іске қосу үшін, пісіру аймағының таңдау түймешігін түртіңіз.

"0" белгісі пісіру аймағы бейнебетінде пайда болып, қажетті пісіру аймағы шамы қосылады.

**i** 20 секунд ішінде әрекет жасалмаса, пісіру тақтасы автоматты түрде Күту режиміне қайта ауысады.

### **Температура деңгейін орнату**

Реттеу аймағын түртіп немесе сайсағыңызбен аймақ бойымен

сырғытып, температура деңгейін "0"

және "19" аралығында реттеңіз.

Кейбір үлгілердегі температура деңгейі 1, 2, 3...19, ал басқа үлгілерде 1.1, 2.2, ... 9.

болып табылады. (Құрылғы үлгісіне байланысты өзгереді.)

### **Пісіру аймақтарын өшіру:**

Пісіру аймағын 3 түрлі жолмен өшіруге болады:

#### **1. Температура деңгейін "0" мәніне дейін төмендету**

Пісіру аймағын өшіру үшін,

температура деңгейін "0" мәніне дейін төмендетіңіз.

#### **2. Қажетті пісіру аймағына қатысты таймер мүмкіндігі арқылы өшіру**

Уақыт аяқталғанда, таймер пісіру аймағына тағайындалған таймер өшеді. "0" немесе "00" мәндері барлық бейнебеттерде көрсетіледі. Пісіру тақтасының бейнебетінде "⏸" белгісі жоқ болады.

Уақыт аяқталғанда, дыбыстық сигнал естіледі. Дыбыстық сигналды өшіру үшін, басқару тақтасындағы кез келген түймешікті түртіңіз.

#### **3. Қажетті пісіру аймағы белгісін 3 секунд түртіңіз.**

Өшіру үшін, пісіру аймағы белгісін шамамен 3 секунд түртіңіз.

### **Жоғары қуат (Көмекші) функциясы**

Тез қыздыру үшін, көмекші функциясын қолдануға болады. Дегенмен, бұл функцияны ұзақ уақыт пісіру үрдісіне қолданбаған дұрыс. Көмекші функциясы барлық пісіру аймақтарында қол жетімді емес болуы мүмкін.

### **Көмекші функциясын тікелей таңдау:**

1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін, "⏸" түймешігін түртіңіз.

2. Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түрту арқылы қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.

3. "⏸" түймешігін түртіңіз.

Таңдалған пісіру аймағы жоғарғы қуатпен жұмыс істейді және 3 шам пісіру аймағы бейнебетінде бір уақытта жыпылықтайды. Көмекшінің уақыты аяқталғанда, пісіру аймағы өшеді.

### **Пісіру аймағы белсенді болғанда, Көмекші функциясын таңдау:**

1. Пісіру аймағы нақты деңгейде кем дегенде 20 секунд жұмыс істегеннен кейін "⏸" түймешігін түртіңіз.

**i** Пісіру аймағы таңдалған деңгейде кем дегенде 20 секундта өз жұмысын аяқтауы керек.

2. Таңдалған пісіру аймағы жоғарғы қуатпен жұмыс істейді және 3 шам пісіру аймағы бейнебетінде бір уақытта жыпылықтайды. Көмекшінің уақыты аяқталғанда, пісіру аймағы орнатылған температура деңгейіне ауысып, таңдалған температура деңгейі ғана көрсетіледі.

### **Көмекші функциясын алдын ала өшіру:**


Көмекші функциясын кез келген уақытта өшіру үшін, "⏸" түймешігін түртіңіз.

### **Жылдам қыздыру**

Жылдам қыздыру пісіру үрдісіне көмектесетін функция болып табылады. Оны қысқа мерзімде тез қыздыру үшін пайдалануға болады. Барлық пісіру аймақтарында жылдам қыздыру функциясы бар. Бұл функция температура деңгейін алдын ала орнату арқылы жұмыс істейді.

**i** Жылдам қыздыру функциясын пісіру аймағы іске қосылғаннан және температура деңгейін реттегеннен кейін 10 секунд ішінде орнатуға болады.

### Жылдам қыздыру функциясын таңдау:



1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін, "ⓘ" түймешігін түртіңіз.
2. Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түрту арқылы қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.
3. Қажетті температура деңгейін реттеу үшін, реттеу аймағын түртіңіз немесе саусағыңызбен аймақ бойымен сырғытыңыз.
4. "ⓘ" түймешігін түртіңіз. Таңдалған пісіру аймағы нақты уақыт аралығында жоғары қуатпен жұмыс істейді (келесі кестені қараңыз). 3 шам мен орнатылған температура мәні пісіру аймағы бейнебетінде бір уақытта көрсетіледі.
5. Жылдам қыздыру уақыты аяқталғанда, пісіру аймағы орнатылған температура деңгейіне ауысып, таңдалған температура мәні ғана көрсетіледі.

**Кесте:** Жылдам қыздыру функциясының жұмыс уақыты


Температура деңгейі		Әрекет ету уақытының шегі - секунд
19	9	
10	5.	85
11	6.	85
12	6.	25
13	7.	25
14	7.	35
15	8.	35
16	8.	45
17	9.	45
18	9.	10
19	-	10

Кейбір үлгілердегі температура деңгейі 1, 2, 3...19, ал басқа үлгілерде 1.1, 2.2, ... 9. болып табылады. (Құрылғы үлгісіне байланысты өзгереді.)

### Жылдам қыздыру функциясын өшіру:

Кез келген уақытта Жылдам қыздыру функциясын өшіру үшін, "ⓘ" түймешігін түртіңіз.

### Бірнеше бөліктен тұратын пісіру аймақтарын іске қосу





1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін, "ⓘ" түймешігін түртіңіз.
2. Бірнеше бөліктен тұратын пісіру аймағы таң дау үшін, Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түртіңіз.
3. Қажетті температура деңгейін реттеу үшін, реттеу аймағын түртіңіз немесе саусағыңызбен аймақ бойымен сырғытыңыз.
4. Бірнеше бөліктен тұратын пісіру аймағын іске қосу үшін, басқару тақтасындағы "ⓘ" түймешігін түртіңіз. "ⓘ" белгісі қажетті пісіру аймағы бейнебетінде пайда болады.

Температура деңгейі		Әрекет ету уақытының шегі - секунд
9	9	
0	0	0
1	1	10
2	1.	10
3	2	20
4	2.	30
5	3	40
6	3.	47
7	4	56
8	4.	65
9	5	75

**i** Бірнеше бөліктен тұратын пісіру аймағы температура деңгейі "1" және "19" аралығындағы мәнге орнатылған жағдайда ғана пісіру аймағының басты бөлігі үшін орнатылады. Кейбір үлгілердегі температура деңгейі 1, 2, 3...19, ал басқа үлгілерде 1.1, 2.2, ... 9. болып табылады. (Құрылғы үлгісіне байланысты өзгереді.)

## Бірнеше бөлікті пісіру аймақтарын өшіру


1. Бірнеше бөліктен тұратын пісіру аймағын өшіру үшін, басқару тақтасындағы  түймешігін түртіңіз.




Қажетті пісіру аймағы бейнебетінде  белгісі жоқ болып, бірнеше бөліктен тұратын пісіру аймағы өшеді. Қажетті пісіру аймағының басты бөлігі орнатылған температура деңгейінде жұмыс істейді.

## Құлыпты алу

Құлыпты алу басқару тақтасындағы барлық түймешіктердің әрекет етуін 20 секундқа алдын алып, пайдаланушыға қолданыстағы пісіру тақтасын тез тазалауға мүмкіндік береді.


## Құлыпты алу функциясын іске қосу




1. Пісіру тақтасы қосылса, пісіру  тақтасының уақыт дисплейінде 20 көрсетілгенше басып тұрыңыз. »  қосылады және уақыт дисплейінде 20-дан кері саналады. "С" пісіру ауданы дисплейлерінде пайда болады. Басқару тақтасындағы келесіден басқа ешбір түймешік сол уақытта жұмыс істемейді: .

## Құлыпты алу функциясын өшіру

Құлыпты алу функциясын өшіру үшін, кез келген түймешікті түртудің керегі жоқ.

Пісіру тақтасы 20 секундтан кейін дыбыстық сигнал беріп,  шамы мен құлыпты алу функциясы автоматты түрде өшеді.



**i** Егер тазалау құлпын бұрын болдырмау керек болса,  түймесін пісіру ауданы дисплейлерінен "С" жойылғанша басып тұрыңыз.


## Балалардан құлыптау

### Пісіру тақтасы Күту режимінде



**болғанда**, оны Балалардан құлттау функциясы арқылы балалардың пісіру аймақтарына жақындап қалудан сақтай аласыз. Балалардан құлттау функциясы Күту режимінде ғана іске қосылады немесе өшеді.

### Балалардан құлттау функциясын іске қосу

1. пісіру тақтасы Күту режимінде болғанда,  түймешігін **екі сигнал дыбысы** естілгенше басып тұрыңыз. Балалардан құлттау функциясы іске қосылып,  түймешігінің шамы өшеді.

**i** Балалардан құлттау функциясы белсенді болғанда кез келген түймешікті бассаңыз,  түймешігінің шамы жыпылықтайды.

### Балалардан құлттау функциясын өшіру

1. Балалардан құлттау функциясы белсенді болғанда,  түймешігін **сигнал дыбысы** естілгенше басып тұрыңыз. » Балалардан құлттау функциясы өшіп,  түймешігінің шамы өшеді.

### Түймешіктерді құлттау

**Пісіру тақтасы жұмыс істеп тұрғанда**, қателесіп функциялардың өзгеруін алдын алу мақсатында түймешіктерді құлттау мүмкіндігін іске қосуға болады.

## Түймешіктерді құлттау функциясын қосу

1. Пісіру тақтасы істеп тұрғанда, "🔒" түймешігін **екі сигнал дыбысы** естілгенше басып тұрыңыз.

"🔒" түймешігінің шамы жыпылықтап, барлық пісіру аймақтары құлтталады.

**i** Түймешіктерді құлттау функциясын **әрекет ету режимінде** ғана іске қосуға болады. Түймешіктерді құлттау функциясы белсенді болғанда, "🔒" түймешігі ғана жұмыс істейді. Кез келген басқа түймешікті

түрткенде, "🔒" түймешігінің шамы түймешіктерді құлттау функциясының белсенді екенін көрсетеді.

Түймешіктер құлтталғанда пісіру тақтасы өшірулі болса, түймешіктерді құлттау функциясы пісіру тақтасын қайта қосқанда өшіп тұруы керек.

## Түймешіктерді құлттау функциясын өшіру

1. "🔒" түймешігін 2 секундтай басыңыз. Әрекет дыбыстық сигналмен расталады.

"🔒" түймешігінің шамы өшіп, басқару тақтасының құлпы алынады.

## Үнемдеу таймері функциясы

Бұл функция пісіру үрдісіне көмектеседі.

Пісіру барысында пештің қасында болудың қажет жоқ. Пісіру аймағы таңдалған уақыт аяқталғанда автоматты түрде өшеді.

Бұл функциямен пісірген кезде, пісіру тақтасы қуатты автоматты түрде пісіру үрдісінің соңына қарай реттейді және сақталған ыстық арқылы қуатты үнемдеуге мүмкіндік береді.

## Таймерді іске қосу

1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін, "🕒" түймешігін түртіңіз.

2. Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түрту арқылы қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.

3. Қажетті температура деңгейін реттеу үшін, реттеу аймағын түртіңіз немесе саусағыңызбен аймақ бойымен сырғытыңыз.

4. Таймерді іске қосу үшін, "🕒" түймешігін түртіңіз.

"00" мәні таймер бейнебетінде көрсетіліп, "🕒" белгісі пісіру аймағы бейнебетінде жыпылықтай бастайды.

5. Қажетті ұзақтықты келесіні түртумен орнатыңыз: "—"/"—". Алға жылдам жылжыту үшін, "—" немесе "—" басып тұруға болады.

Нақты уақыт аралығында жыпылықтап болған соң, "🕒" белгісі үнемі жанып тұрады. "🕒" белгісінің жанып тұруы функцияның белсенді екенін білдіреді.

**i** Таймер қолданыстағы тек пісіру аймақтары үшін орнатылады.

**i** Таймерді басқа пісіру аймақтарына орнату үшін, жоғарыда сипатталған әрекетті қайталаңыз.

**i** Пісіру аймағы мен температура мәні таңдалмаса, таймерді реттеу мүмкін емес.

**i** Таймер белсенді болғанда, таңдалған пісіру аймағы үшін орнатылған уақыт ғана таймер бейнебетінде көрсетіледі.

## Таймерді өшіру

Орнатылған уақыт аяқталғанда, пісіру тақтасы автоматты түрде өшіп, дыбыстық ескерту шығады. Дыбыстық ескертуді өшіру үшін, кез келген түймешікті басыңыз.

## Таймерлерді алдын ала өшіру

Таймерді алдын ала өшіру үшін, пісіру тақтасы орнатылған температурада өшкенше жұмыс істеп тұрады. Таймерді екі түрлі жолмен өшіруге болады:



## 1-таймерді мәнін "00" мәніне

### төмендету арқылы өшіру:

1. Өшірілетін пісіру аймағын таңдаңыз.
2. Қажетті пісіру аймағының таймерін таңдап, "eco" түймешігін түртіңіз.
3. Таймер бейнебетінде "00" пайда болғанша мәнін "00" түртумен төмендетіңіз. Алға жылдам жылжыту үшін, "00" басып тұруға болады.

"00" белгісі пісіру аймағы бейнебетінде біраз жыпылықтап, ұзаққа өшеді және таймер жоқ болады.

## 2-таймерді таймер түймешігін 3 секундтай басу арқылы өшіру:

1. Өшірілетін пісіру аймағын таңдаңыз.
2. Қажетті пісіру аймағының таймерін таңдап, "eco" түймешігін түртіңіз.
3. "eco" түймешігін шамамен 3 секундтай түртіңіз.

"00" белгісі пісіру аймағы бейнебетінде біраз жыпылықтап, ұзаққа өшеді және таймер жоқ болады.

## Жылы ұстау функциясы (кез келген үлгілерде)

Бұл функцияны тағамды пісіру үрдісі аяқталғаннан кейін жылы ұстау үшін қолдануға болады. Жылы ұстау функциясы екі түрлі жолмен қолданылуы мүмкін: таймерді орнату және орнатпау арқылы.

### Жылы ұстау функциясын таймерді орнатпау арқылы іске қосу

1. Нақты температураға орнатылған және жылы ұстау функциясы қолданылатын пісіру аймағын таңдаңыз.
2. Қажетті пісіру аймағы үшін жылы ұстау функциясын іске қосу үшін, "H" түймешігін түртіңіз.

**i** Пісіру аймағы төмен температурамен жұмыс істей береді.

"H" және "U" белгілері пісіру аймағы бейнебетінде пайда болады.

## Жылы ұстау функциясын таймерді орнату арқылы іске қосу



1. Температура мен таймер орнатылған және жылы ұстау функциясы қолданылатын қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.
  2. Қажетті пісіру аймағы үшін жылы ұстау функциясын іске қосу үшін, "H" түймешігін түртіңіз.
- "H" белгісі пісіру аймағы бейнебетінде пайда болады. пісіру аймағы нақты уақыт аралығында орнатылған температурамен жұмыс істейді. Уақыт аяқталғанда, жылы ұстау функциясына ауысып, төмен температурамен жұмыс істеуді бастайды.
- "U" белгісі пісіру аймағы бейнебетінде пайда болады.

### Жылы ұстау функциясын өшіру

1. Таймер белсенді болса, жылы ұстау функциясы іске қосылған пісіру аймағын таңдаңыз.
- Жылы ұстау функциясын өшіру үшін, "H" түймешігін түртіңіз.
- пісіру аймағы бұрынғы уақытпен және температурамен жұмыс істей береді.
2. Таймер өшірілсе, жылы ұстау функциясы іске қосылған пісіру аймағын таңдаңыз. Жылы ұстау функциясын өшіру мақсатында қажетті температураны орнату үшін реттеу аймағын түртіңіз немесе саусағыңызбен аймақ бойымен сырғытыңыз.


Пісіру аймағы жаңа орнатылған температурамен жұмыс істей береді.

**i** Жылы ұстау функциясын болдырмау үшін, "00" түймешігін түртіп, пісіру тақтасын толығымен өшіріңіз.

## Тоқтату функциясы

Тоқтату функциясын қолданып, пісіру тақтасындағы **(таймерден бас)** барлық функцияларды біраз тоқтатуға болады.

**i** Таймер кез келген пісіру аймағына орнатылған болса, ол тоқтатылған күйде жұмыс істей береді.



1. Пісіру тақтасы жұмыс істеп тұрғанда, "||▷" түймешігін түртіңіз.

Барлық белсенді пісіру аймақтарының жұмысын тоқтатады.

2. Барлық тоқтатылған пісіру аймақтарының жұмысын бұрынғы параметрлермен қайта қосу үшін, "||▷" түймешігін түртіңіз.

## Жады функциясы

Пісіру тақтасы нақты пісіру температурасы мен уақытын жадыда сақтайды. Осы функция арқылы сүйікті тағамды пісіру температурасы мен уақытын сақтай алады.

**i** Тек 1 параметр жадына сақталады. Сақтаған сайын жаңа параметр бұрынғының үстіне сақталып, жадыда соңғы сақтаған параметр қалады.

1. Пісіру тақтасын іске қосу үшін, "Ⓢ" түймешігін түртіңіз.
2. Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түрту арқылы қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.
3. Қажетті температураны реттеу үшін, реттеу аймағын түртіңіз немесе саусағыңызбен аймақ бойымен сырғытыңыз.
4. Сонымен бірге қажетті уақытты реттеңіз.
5. Температура мен уақытты реттеп болған соң, "☺" белгісін **екі ескерту сигналы** естілгенше түртіңіз.

"☺" белгісі қосылып, орнатылған температура мен уақыт жадыда сақталады.

## Жадыдағы параметрлерді қолдану

1. Пісіру аймағын таңдау түймешіктерін түрту арқылы қажетті пісіру аймағын таңдаңыз.

2. Температураның мәні "0" болғанда, "☺" түймешігін **ескерту дыбысы** естілгенше түртіңіз.

таңдалған пісіру аймағы жадыдағы температура мен уақытқа орнатылып, осы параметрлермен жұмыс істейді.

## Әрекет ету уақытының шегі

Пісіру тақтасының басқару тақтасы әрекет ету уақытымен шектелген. Бір немесе бірнеше пісіру аймағы қосулы тұрғанда, пісіру аймағы автоматты түрде нақты уақыт өткен соң өшеді (1-кестені қараңыз). Пісіру аймағына тағайындалған таймер бар болса, таймер бейнебеті де кейінірек өшеді.

Әрекет ету уақытының шегі таңдалған температура деңгейіне байланысты болады. Ең ұзақ әрекет ету уақыты осы температура деңгейінде қолданылады. Пісіру аймағы жоғарыда сипатталғандай автоматты түрде өшкен соң, пайдаланушы оны қайта іске қоса алады.

**1-кесте:** Әрекет ету уақытының шегі

Температура деңгейі		Әрекет ету уақытының шегі - сағат
19	9	
0	0	0
1	1	6
2	1.	6
3	2	5
4	2.	5
5	3	4
6	3.	4
7	4	3
8	4.	3
9	5	2,5
10	5.	2,5
11	6	2
12	6.	2

Температура деңгейі		Әрекет ету уақытының шегі - сағат
19	9	
13	7	1,5
14	7.	1,5
15	8	1
16	8.	1
17	9	0,5
18	9.	0,5
19	-	0,5
Жоғары қуат (Көмекші) функциясы	Жоғары қуат (Көмекші) функциясы	10 минут

Кейбір үлгілердегі температура деңгейі 1, 2, 3...19, ал басқа үлгілерде 1.1, 2.2, ... 9. болып табылады. (Құрылғы үлгісіне байланысты өзгереді.)

### Қызып кетуден қорғау

Пісіру тақтасында қызып кетуден қорғайтын сенсорлар бар. Әрекетті орындау қызып кету жағдайында бақылануы мүмкін:

- Белсенді пісіру аймағы өшірілуі мүмкін.
- Таңдалған деңгей төмендеуі мүмкін. Дегенмен, бұл жағдай көрсеткіште көрінбеуі мүмкін.

### Ақаулық кодтары / ескерту хабарлары және ақаулық көздері 2-кесте:

Ақаулық себебі	Көрсеткіш	Дисплей
Екі немесе одан көп түймешік басылған я болмаса тасып кеткен тамақ түймешіктерге түскен.	"E" белгісі жыпылықтайды	Пісіру аймағының бейнебеті
Пісіру тақтасы қызып кетті	"H" белгісі жыпылықтайды	Пісіру аймағының бейнебеті

Ақаулық себебі	Көрсеткіш	Дисплей
Аймақты тиісті ыдыс жоқ.	"L" белгісі жанады	Пісіру аймағының бейнебеті
Түртпелі басқару жабдығының қатесі	"Fх**" белгісі жанады	Таймер бейнебеті
Индукциялы құрылғы ақаулығы.	"Eх**" белгісі жанады	Пісіру аймағының бейнебеті
Түртпелі түймешік сезімталдығына қатысты ақаулық	"F2" белгісі жанады	Таймер бейнебеті
Түртпелі басқарудағы қосылым ақаулығы.	"F3" белгісі жанады	Таймер бейнебеті
Индукциялы құрылғы ақаулығы.	"Eх**" белгісі жыпылықтайды	Пісіру аймағының бейнебеті
<b>x**:</b> "1,2,...,9"		

**i** Түртпелі басқару тақтасында пайда болуы мүмкін ақаулық хабарлары туралы қосымша ақпарат алу үшін 2-кестені қараңыз. Егер "Fх" және "Eх" хабарлары үнемі көрсетілсе, өкілетті қызмет көрсету агентіне қоңырау шалыңыз.

**i** Түртпелі басқару тақтасының бетіне қатты бу әсер етсе, басқару жүйесі толығымен өшіп қалып, "E" ақаулық туралы сигналын беруі мүмкін. Сигнал дыбыстары естіледі.

**i** Түртпелі басқару тақтасының бетін таза ұстаңыз. Қате әрекеттер жасалуы мүмкін.

## 6 Күту мен техникалық қызмет көрсету

### Жалпы мәліметтер

Құрылғы жиі аралықпен тазаланып тұрса, құрылғының қызмет көрсету мерзімі ұзартылып, ақаулықтар ықтималдығы төмендейді.



Қызмет көрсету және тазалау жұмыстарын бастамас бұрын, құрылғыны қуат жүйесінен ажыратыңыз. Электр тогы соғуының қаупі бар!



Тазалауды бастаудан бұрын, құрылғының салқындауына уақыт беріңіз.

Ыстық беттер жануға алып келеді!

- Құрылғыны әрбір пайдаланудан кейін түгелімен тазалап шығыңыз. Осылай тағам қалдықтарын оңай алып тастауға мүмкін болады, бұл құрылғыны келесі жолы пайдаланғанда олардың жануынан сақтайды.
- Құрылғыны тазалау үшін арнайы тазалағыш заттар қажет емес. Пеш есігін тазалау үшін, құрылғыны тазалауға жуу сұйықтығымен жылы су, жұмсақ мата пайдаланыңыз және құрғақ шүберекпен сүртіңіз.
- Әрқашан тазалаудан кейін артық сұйықтық толығымен сүртілгенін және ағындылар дереу құрғатылып сүртілгенін тексеріңіз.
- Құрамында қышқыл немесе хлорид бар жуғыш заттарды тот баспайтын болатты беттерді және тұтқаны тазалау үшін пайдаланбаңыз. Сол бөліктерді тазалап сүрту үшін жұмсақ матаны сұйық (қатты емес) жуғыш затпен пайдаланып, бір бағытта сүртіңіз.



Бет кейбір жуғыш заттарды немесе тазалағыш заттарды пайдаланғанда бүлінуі мүмкін. Тазалау кезінде қатты жуғыш заттарын, тазалағыш ұнтақтарын/кремдерін немесе кез-келген өткір заттарды пайдаланбаңыз.



Жабдықты тазалау үшін бу тазалағыштарын пайдаланбаңыз, өйткені ток соғуы мүмкін.

### Пісіру тақтасын тазалау

#### Шыны керамикалы бет

Шыны керамикалы бетті (ситалл) тазалағыш зат қалдықтарын қалдырмауға көңіл бөле отырып салқын сумен сүртіңіз, сөйтіп жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз. Пісіру тақтасын келесі жолы пайдаланғанда қалдықтар шыны керамикалы бетті бүлдіруі мүмкін. Шыны керамикалы бетте (ситалл) кеуіп қалған қалдықтарды ешқашан ілгек жүздерімен, болат қырғышпен немесе ұқсас құралдармен тазалауға болмайды. Калцийлі дақтарды (сары дақтарды) сірке суы немесе лимон шырыны секілді қақ кетіргіштің аз мөлшерімен кетіріңіз. Егер беті тым қатты ластанған болса, жуғыш затты жұмсақ матаға құйып, жақсылап сіңгенше күтіңіз. Одан кейін, пісіру тақтасының бетін құрғақ матамен сүртіңіз.



Қою крем немесе шербет секілді қант қосылған тағамдар дереу құрылғы бетінің суығанын күтпей тазалануы қажет. Әйтпесе, шыны керамикалы бет бір жолаға бүлінуі мүмкін.

Уақыт өте құрылғының қаптаулары немесе басқа да беттері шамалы түссіздену мүмкін. Бұл өнімнің жұмысына әсер етпейді. Шыны керамикалы беттің түссізденуі мен дақтануы қалыпты жағдай болып табылады және ақаулық емес.

## 7 Ақаулықтарды іздеу және жою

### **Пісіру кезінде су тамшылайды.**

- Пісіру кезінде пайда болған бу көтеріліп, құрылғының салқын беттеріне тигенде су тамшыларына айналады. >>> *Бұл ақаулық емес.*

### **Ысыту мен салқындату кезінде құрылғы металдардың дыбыстарын шығарады.**

- Метал бөліктері қызған кезде кеңейіп, дыбыстар шығарады. >>> *Бұл ақаулық емес.*

### **Құрылғы істемейді.**

- Балқығыш тежегіштің ақаулығы бар немесе қосылған. >>> *Тежегіш қорапшасындағы тежегіштерді тексеріңіз. Қажет болса, оларды ауыстырыңыз немесе қосыңыз.*
- Құрылғы ашасы (жерге тұтықталған) розеткаға қосылмаған. >>> *Штепсельдің айырын тексеріңіз.*
- Кемпіректі қайта қосқанда, бейнебет жанбаса >>> *Құрылығыны ажыратқыштан ажыратыңыз. 20 секунд күтіп, қайта қосыңыз.*

### **Салқындату желдеткіші кемпірек өшірулі болсада, жұмыс істеп тұрады.**

- Бұл ақаулық емес. Салқындату желдеткіші пісіру тақтасындағы электронды құралдар тиісті температураға дейін салқындағанша істеп тұрады.




Осы бөлімде келтірілген нұсқауқауларды орындасаңызда ақаулықтарды жою алмасаңыз, Уәкілетті қызмет көрсету орталығымен немесе құрылғыны сатып алған сату орталығымен хабарласыңыз. Ақаулығы бар құрылғыны өзіңіз жөндемеңіз.





**Вграден котлон**  
Ръководство за употреба



BG



РЕЦИКЛИРАНА И  
РЕЦИКЛЕРУЕМА ХАРТИЯ

## Моля, първо прочетете това ръководство за употреба.

Уважаеми купувачо,

Благодарим ви, че избрахте продукта на фирмата Веко. Надяваме се, че ще получите възможно най-добри резултати от използването на продукта ни, произведен по най-висококачествени и модерни технологии. Затова ви молим да прочетете това ръководство за употреба и всичката го съпътстваща документация внимателно преди да използвате уреда, а след това ги запазете за справка в бъдеще. Ако преотстъпите продукта на друг потребител, то го предайте заедно с ръководството за употреба. Следвайте всички указания и информация в ръководството за употреба. Помнете, че това ръководство за употреба може да е за няколко модела уреда. Разликите между моделите са уточнени в ръководството.

### Обяснение на символите

В това ръководство са използвани следните символи:



Важна информация или полезни съвети за употреба.



Предупреждение за риск за живота или имуществото.



Предупреждение за токов удар.



Предупреждение за риск от пожар.



Предупреждение за гореща повърхност.



**Arçelik A.Ş.**  
Karaağaç caddesi No:2-6  
34445 Sütlüce/Istanbul/TURKEY  
Made in TURKEY



## ТАБЛИЦА НА СЪДЪРЖАНИЕТО

### **1 Важни указания и предупреждения за безопасност и опазване на околната среда** **4**

Обща безопасност .....	4
Електрическа безопасност .....	5
Безопасност при използването на продукта.....	6
Предвидена употреба .....	7
Безопасност за децата .....	8
Изхвърляне на остарелия продукт .....	8
Изхвърляне на опаковъчните материали .....	8

### **2 Основна информация** **9**

Общ преглед.....	9
Технически спецификации .....	9

### **3 Монтаж** **11**

Преди монтажа.....	11
--------------------	----

Инсталация и свързване .....	12
Бъдещо транспортиране.....	14

### **4 Подготовка** **15**

Съвети за спестяване на енергия.....	15
Първо ползване .....	15
Първоначално почистване на уреда.....	15

### **5 Как да работите с котлона** **16**

Обща информация за готвенето.....	16
Използване на котлоните.....	17
Контролен панел.....	17

### **6 Поддържане и грижа** **27**

Обща информация.....	27
Почистване на котлона .....	27

### **7 Отстраняване на повреди** **28**

## **1 Важни указания и предупреждения за безопасност и опазване на околната среда**

Този раздел съдържа указания за безопасност, които ще ви помогнат да избегнете риска от нараняване или повреда. Неспазването на тези указания прави всякакви гаранции невалидни.

### **Обща безопасност**

- Уредът може да бъде ползват от деца на 8 и повече години и от лица с понижени физически, сензорни и умствени способности или такива без опит и познания, ако те са надзиравани или инструктирани относно употребата на уреда по безопасен начин и са наясно със свързаните с това рискове. Децата не бива да си играят с уреда. Почистването и потребителската поддръжка не бива да бъдат извършвани от деца без надзор.
- Този уред не е предназначен за употреба от лица (включително деца) с намалени физически,

сензорни или умствени способности, както и от такива без опит и знания, освен ако не са наблюдавани и инструктирани за използването на уреда. Децата трябва да се наблюдават, за да не си играят с уреда.

- Ако продуктът е даден на някой друг за лична употреба или употреба втора ръка, ръководството за употреба, етикетите на продуктите и другите, отнасящи се за него документи и части трябва също да се предоставят с него.
- Монтажът и ремонтът на уреда трябва винаги да се извършва от оторизирания сервиз. Производителят не носи отговорност за щети, причинени от поправка извършена от неоторизирани лица, в който случай гаранцията може да стане невалидна. Преди монтажа прочетете

внимателно всички инструкции.

- Не използвайте продукта ако даде дефект или е видимо повреден.
- След всяко ползване проверявайте дали функционалните копчета са изключени.

### **Електрическа безопасност**

- Ако продуктът е повреден, той не бива да се ползва преди да бъде поправен в оторизирания сервиз. Съществува риск от токов удар!
- Свързвайте уреда само към заземен контакт с мощност и защита, посочени в "Технически спецификации" Заземяването трябва да се направи от квалифициран електротехник, като продуктът се ползва със или без трансформатор. Фирмата ни не носи отговорност за проблеми, произтичащи от неправилно заземяване на уреда.
- Никога не мийте продукта като го поливате или пръскате в вода!

